

"Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде, зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына себепкер кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тарапынан келтірілген зиянның барлық түрі бойынша орнын өтеудің Қағидасын қолданудың тәртібі туралы" Түсіндірмені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 17 мамыр 1993 ж. N 27/3 ҚАУЛЫ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1994 жылғы 6 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 37. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1998 жылғы 16 қаңтардағы N 5-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының Кеңесімен келісілген "Еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмысшылар мен қызметкерлердің зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына себепкер кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тарапынан келтірілген зиянның барлық түрі бойынша орнын өтеудің Қағидасын қолданудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 P930201_ Қаулысымен бекітілген осы Түсіндірме бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Еңбек министрі
министрі

Қазақстан Республикасының
Халықты әлеуметтік қорғау

Қазақстан Республикасының
Еңбек министрлігі мен
Қазақстан Республикасының
Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің 1993 жылғы
17 мамырдағы N 27/3

қаулысымен бекітілген

ТҮСІНДІРМЕ

Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына себепкер кәсіпорындар,

**мекемелер, ұйымдар тарапынан келтірілген зиянның
барлық түрі бойынша орнын өтеудің Қағидасын қолданудың
тәртібі туралы**

I. Жалпы ереже

1. Еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкерлердің зақымдануы* немесе кәсіптік ауруға ұшырауына байланысты денсаулығына келтірілген зиянның орнын өтеу мәселесі, Қазақ ССР Азаматтық кодексі, "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы "Экономикалық реформаларды өткізу кезінде азаматтардың құқылық қатынастарын реттеу туралы" қаулысымен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысымен бекітілген жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде* зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына себепкер кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тарапынан келтірілген зиянның барлық түрі бойынша орнын өтеудің Қағидасы" бойынша реттеліп отырады.

* Бұдан былай еңбек міндеттерін орындаумен байланысты зақымдану немесе денсаулығының бұзылуы сөзі, еңбекте зақымдану деп аталады.

* Бұдан былай "Жұмыс беруші" деген термин жекеменшіктің барлық түріндегі кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды қамтиды.

2. Жұмысшылар мен қызметшілердің, колхоз мүшелерінің, кооперативтердің, азаматтардың, тапсырыс және көтерме азаматтық-құқықтық келісім-шарты бойынша істейтін адамдардың денсаулығына зиян келтірілсе, жұмыс берушінің территориясында не одан басқа сырт жерлерде тосын оқиғаға тап болса, сол сияқты жұмыс берушінің автокөлігімен жұмысқа бара жатқанда немесе келе жатқан жолында зақымданса, онда жұмыс беруші<*> келтірген зияны үшін материалдық жауапкершілікті өз міндетіне алады. (Қағиданың 1-тармағы).

3. Еңбек қауіпсіздігі жағдайын дұрыс қамтамасыз етпеудің салдарынан (еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндіріс санитариясы ережесін сақтамау т.б.) зақымға ұшыраса, жұмыс берушінің кінәсінен еңбекте зақымданған болып е с е п т е л е д і .

4. Келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапты екенін дәлелдеу, тиісті құжаттар арқылы немесе куәлердің анықтауы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін , а т а п а й т қ а н д а :

өндірістегі бақытсыздық оқиғасы туралы акті; соттың үкімі, шешімі, прокурордың қаулысы, тергеу органы немесе алдын ала тергеу жүргізу;

кәсіптік ауру туралы дәрігердің шешімін, денсаулықтың бұзылу себептерін, еңбек туралы заңды сақтау мен еңбекті қорғау жағдайын қадағалап, бақылау жасау ісін жүзеге асырып отыратын техникалық еңбек инспекторының немесе

басқа да лауазымды адамның (органдардың) қорытындысы;
айыпты адамға әкімшілік немесе тәртіп жөніндегі шара қолдану туралы
ш е ш і м ;

Еңбекте зақымданумен байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығына орай, жұмысшылар мен қызметкерлерге жәрдемақы төлеу үшін мемлекеттік сақтандыру бюджетінен жұмсалған шығынның орнын, жұмыс берушінің өтейтіні жөнінде әлеуметтік сақтандыру орындарының қаулысы.

5. Ұшу сапарында немесе әуе кемесін қондыру кезінде, тіке аспанға ұшып шығу сияқты қызмет бабындағы міндеттерді орындау барысында әуе кемесі экипажының мүшелері еңбекте зақымдануы мүмкін. Мұндай жағдайда, келтірілген зиянның қаскүнемдіктің салдарынан болғаны дәлелденбесе, онда жеке меншігіне әуе кемесі тән немесе әуе кемесін оперативті басқаруға құқы бар жұмыс беруші келтірген зияны үшін жауапты болады.

6. Келтірілген зиянды зардап шегушіге төлеу оның еңбекке жарамсыздығы немесе еңбек қабілетінің азаюы салдарынан айрылған еңбек-ақысының, кірісінің (немесе оның тиісті бөлігі) ақшалай сомасы мөлшерінде; денсаулықтың бұзылуымен байланысты қосымша шығындар үшін өтемақы; белгіленген жағдайларда біржолғы жәрдемақы төлеу түрінде болады.

7. Еңбекте зақымдануына байланысты зардап шегушінің өзінің келісімі бойынша еңбекақысы тым аз жұмысқа уақытша ауыстырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, еңбек ету қабілеті қалпына келгенінше немесе ұзақ уақытқа жұмысқа жарамай не мүлде жарамай қалса, бұрынғы еңбекақысы мен жаңа еңбекақы арасындағы айырма төленеді.

Зардап шегушіні басқа жұмысқа ауыстыру қажеттілігі туралы қорытындыны, оның ұзақтығын (бір жылға дейінгі уақыт шамасында) және ұсынылған жұмыстың сипатын дәрігерлік-консультациялық комиссия береді.

Көрсетілген уақыт ішінде жұмыс беруші тарапынан оған лайықты қызмет берілмеген жағдайда, зардап шегуші еңбекте зақымданғанға дейін алып келген орташа айлық табысының мөлшерінде келтірілген зиянның өтемін алуға құқылы.

Мұндай жағдайда, бұрынғы жұмыс орнындағы орташа айлық табыс, сол сияқты осы түсініктеменің 8-тармағында көрсетілгеніндей, қазіргі қолданылып жүрген бекітілген тәртіп бойынша еңбекте зақымданудың алдындағы екі айдың айлық табысынан анықталады.

8. Жұмыс беруші зардап шегушіні жаңа кәсіпке жұмыс берушінің қаржысы есебінен оқытуды қамтамасыз етуге міндетті.

Ол үшін мынадай шарт қажет:

еңбекте зақымдануына байланысты зардап шегушіні бұрынғы жұмысында одан әрі пайдалану мүмкіншілігі болмаса;

зардап шегушінің оқуға келісімі;
жаңа кәсіптің МӘСК-ның сипаттамасымен сай келуі.

Зардап шегушінің жаңа кәсіпті оқыған уақытына бұрынғы жұмыс орнындағы орташа айлығы төленеді. Осы уақытың ішінде келтірілген зиянның өтеуі үшін төлем төленбейді.

9. Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда келтірілген зиянның өтеуі үшін төлем алуға қайтыс болған адамның қарауындағы еңбекке жарамсыз адамдардың немесе ол қайтыс болған күнге дейін одан күнделікті күн-көрісіне көмек алып тұруға құқы бар адамдардың, ол қайтыс болғаннан кейін туған баласының, сол сияқты әке-шешесінің біреуінің, жұбайының немесе қайтыс болған адамның 8 жасқа толмаған балаларын, іні-қарындастарын және немерелерін күтумен байланысты отбасындағы жұмыс істемейтін басқа да адамдардың құқы бар.

Қарауында балаларының болғандығы болжаумен ұйғарылады және оны дәлелдеу талап етілмейді.

Еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері болып саналатындар:

18 жасқа толмаған балалары (кәсіптік-техникалық училищелердің, орта арнаулы жоғары оқу орындарының оқушылары оны бітіргенге дейін, бірақ 23 жастан аспауға тиіс);

60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдер немесе белгіленген тәртіп бойынша мүгедек деп танылғандар.

Қайтыс болған адамның алимент төлеп келген немесе алимент төлеуге міндетті кәмелетке толмаған балалары оның қарауындағылар деп танылады.

II. Еңбекке қабілеттілікті сараптау

10. Жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіби еңбекке қабілеттілігін жойып алу дәрежесі, тап осы еңбекте зақымданғанымен немесе денсаулықтың басқаша бұзылуы салдарынан кәсіби еңбекке қабілеттілігінің азаюымен байланыстырыла отырып, медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары (МӘСК) тарапынан белгіленетін процентпен анықталады.

11. Еңбекте зақымдану немесе денсаулықтың басқаша бұзылуы салдарынан кәсіби еңбекке қабілеттілігін жойып алу дәрежесін МӘСК-сы тарапына анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітеді.

Кәсіби еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін анықтаумен бір мезгілде оны негізге ала отырып, мүгедектіктің тиісті тобы берілген және зардап шегушінің көмектің қосымша түрлеріне қаншалықты мұқтаж екені анықталады.

12. Кәсіби еңбекке қабілеттілігін жоғалту (процент) дәрежесі туралы анықтама, көмектің қосымша түрлеріне мұқтаждығы куәландырылған адамның қолына беріледі; куәландыру актісінің көшірмесі аталған мәліметтермен бірге

зардап шегушіні медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясына (МӘСК-ына) жолдаушы кәсіпорынға немесе халық сотына жіберіледі.

III. Зардап шегушіге төленуге тиісті зиянның мөлшері

13. Зардап шегушіге төленуге тиісті зиянның мөлшері оның кәсіби еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесіне сәйкес еңбек жаракатына ұшырағанға шейін алып жүрген еңбекақысының процентімен анықталады.

Мысалы, жұмысшы өндірісте жарақаттанып, денсаулығын зақымдауы салдарынан кәсіби еңбек қабілетінің 20 процентін жоғалтты, ал, мүгедектік тобы анықталған жоқ делік. Мертігіп, денсаулығын жоғалтқанға дейінгі айлық еңбек табысы 8400 сом. Ол жеңілдеу жұмысқа ауысқан соң, оның еңбек табысы айына орташа 5600 сомнан айналады. Демек, қайтарымға тиіс залалдың мөлшері - 1600 с о м б о л а д ы .

14. Еңбек табысының немесе оның бір бөлігінің орнына өтем төлер кезде зардап шегушіге еңбек жаракатын алуына орай жарақат алғанға шейін, алғаннан кейін тағайындалған мүгедектігіне байланысты және басқа зейнетақылар келтірілген зиянның орны үшін төленетін төлемге қосылмайды.

Мысалы, Сидоровке I-топтағы мүгедектігіне байланысты айына 6825 сом мөлшерінде зейнетақы тағайындалған. Ол кәсіби еңбек қабілеттілігін 100 процентке жоғалтқан. Кәсіби ауруға шалдыққанға дейінгі еңбекақысы 7229 сом, зиянның орнын өтеу төлемі мүгедектігіне байланысты зейнетақысы есепке алынбастан айына 7229 сом мөлшерінде толығымен беріледі.

IV. Асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның орнын өтеу

15. Қайтыс болған асыраушының қарауында болған және оның қайтыс болуына байланысты келтірілген зиян үшін өтем алуға құқылы еңбекке жарамсыз азаматтарға, қайтыс болған адамның орташа айлық табысы мөлшерінде зиянның өтемі анықталады. Алайда, орташа айлықтан оның өзіне тиесілі және оның қарауында болған еңбекке қабілетті, бірақ келтірілген зиян үшін өтем алуға құқы жоқ адамдардың үлесі есептеліп, шығарып тасталады.

Келтірілген зиян үшін өтем алуға құқылы әрбір азаматқа келтірілген зиян орнын өтеу мөлшерін анықтау үшін асыраушы табысының сол азаматтарға тиісті бір бөлігі олардың барлығының санына бөлінеді.

Қайтыс болған адамның қарауында болмаған, бірақ келтірілген зиянның орны үшін өтем алуға құқылы еңбекке жарамсыздарға төлем мөлшері мынадай тәртіпте белгіленеді: асырау үшін қаржы сот тәртібінде талап етілсе, келтірілген зиянның орнын өтеу сомасы сот белгілейтін мөлшерде, ал асырау үшін қаржы сот тәртібінде талап етілмеген жағдайда, келтірілген зиянның орны үшін берілетін өтем сомасы азаматтардың материалдық жағдайы және қайтыс болған

адамның тірі кезінде көмек көрсету мүмкіндігі (алимент проценті) ескерілетіріп төленеді.

Келтірілген зиянның орнына өтем алуға қайтыс болған адамның қарауында болған және болмаған азаматтар бір уақытта құқылы болған жағдайда, келтірілген зиян үшін берілетін өтем мөлшері алдымен қайтыс болған адамның қарауында болмағандар үшін белгіленеді. Мұндай азаматтар үшін келтірілген зиянның орнын өтеуге белгіленген сома асыраушының жалақысынан шегеріледі де, содан кейін жалақының қалған мөлшеріне сүйене отырып, осы тармақтың 1 және 2 абзацтарында көзделген тәртіпке сәйкес қайтыс болған адамның қарауында болғандар үшін келтірілген зиянның орнын өтейтін мөлшер белгіленеді.

1-мысал. Қайтыс болған адамның отбасында жұмысқа жарамды жұмыс істемейтін әйелі мен екі баласы (2 және 6 жаста) болған, қайтыс болған адамның жалақысы $4000 \text{ сом} : 4 \times 3 = 3000 \text{ сом}$. Бұл жағдайда еңбекке жарамды жұмыс істемейтін әйел де келтіріліген зиян үшін өтем алуға құқылы, өйткені ол жас балаларға күтім жасайды.

2-мысал. Қайтыс болған адамның отбасында жұмысқа жарамды жұмыс істемейтін әйелі мен екі баласы (10 және 17 жаста) болған. Келтірілген зиян үшін өтем алуға тек он жасар баласы ғана құқылы. Қайтыс болған адамның жалақысы 8000 сом болған жағдайда, келтірілген зиянның орнын өтеу үшін ай сайын төленетін сома мына мөлшерде белгіленеді: $8000 : 4 \times 1 = 2000 \text{ сом}$.

3-мысал. 5 мың сом жалақы алып отырған қайтыс болған шопанның отбасында өзі және 2-ші топтағы мүгедектігіне байланысты 3000 сом зейнетақы алатын әйелі болған. Күйеуі әйелін асырап келген, өйткені күйеуінің айлығы әйелі мүгедектігіне байланысты алатын зейнетақы мөлшерінен едәуір артық болған. Келтірілген зиянның орнын өтеу үшін төленетін ақшаның мөлшері 2500 сомды құрайды. ($5000 : 2 \times 1$).

4-мысал. Қайтыс болған адамның жалақысы 2400 сомды құраған, оның қарауында 13 және 15 жасар кәмелеттік жасқа толмаған балалары болған, әйелі жұмыс істеген. Келтірілген зиянның орнына өтем алуға басқа балаларымен тұратын қарт анасы да құқылы. Анасының материалдық жағдайын ескере отырып, алимент принципі негізінде анасына 300 сом тағайындалады да, қалған 2100 сом ақша ($2400 - 300$) қайтыс болған адамның және екі баласының үлестерін ескере отырып, үшке бөлінеді (әйелі жұмыс істеп жүргендіктен, есепке алынбайды). Сонымен кәсіпорын келтірілген зиянның орнын өтеу үшін 1400 сом ($2100 : 3 \times 2 = 1400 \text{ сом}$) төлеуге міндетті.

Қайтыс болған адамның кәмелеттік жасқа толмаған балаларына келтірілген зиянның орны олардың қайтыс болған адаммен бірге немесе бөлек тұрғанына, сондай-ақ қайтыс болған адам оларды асырау үшін алимент төлегендігіне немесе

төлеуге міндетті екендігіне қарамастан әр уақытта да үлес принципі негізінде ө т е л е д і .

5-мысал. Зардап шегуші қайтыс болғаннан кейін оның екінші некеден жұмысқа жарамды әйелі мен 5 жасар қызы қалды. Әйелі жұмыс істемей, қызына күтім жасаған. Қайтыс болған адамның бірінші некеден 14 жасар ұлы және анасы бар, анасы бөлек, қайтыс болған адамның ағасымен бірге тұрды да, толық емес стажына сәйкес жасына байланысты 720 сом зейнетақы алып отырған. Қайтыс болған адамның жалақысы 7840 сомды құраған. Келтірілген зиянның орны былайша өтеледі: анасына алимент принципі бойынша - 100 сом төленеді. Отбасының қалған мүшелеріне (сондай-ақ қайтыс болған адамның бірінші некеден туылған ұлына қайтыс болған адам ақша төлегендігіне немесе төлеу қажеттілігіне қатыссыз 2280 сомнан ($7840 - 1000 : 3 = 2280$) төленеді.

16. Ереженің 6-тармағында бекітілген тәртіпке сәйкес асыраушы қайтыс болған уақытта жоғарыда аталған азаматтың әрқайсысына белгіленген жалақының бір бөлігі асыраушы қайтыс болғаннан кейін туған балаға және қайтыс болған адамның 8 жасқа толмаған балаларына, інілеріне, қарындастарына немесе немерелеріне күтім жасаған ата-ананың біреуіне, жұбайына немесе отбасының басқа мүшелеріне тағайындалған (тоқтатытылуы) төлемдерден басқа бөлігі одан әрі қайта есептелуге жатпайды.

Аталған жағдайларда отбасының мұндай мүшелерінің көбейетіндігін немесе азаятындығын ескере отырып, келтірілген зиянның орнына өтем алуға құқылы отбасының әр мүшесіне тиесілі асыраушы жалақысының бөлігі қайта есептелуге ж а т а д ы .

1-мысал. Келтірілген зиян үшін 3000 сом әкесінің жалақысынан әр балаға 750 сомнан төлем белгіленген ($3000 : 4 \times 3$), баланың біреуі 18 жасқа толып, жұмысқа кіргеннен кейін де қалған екі баланың алатын үлес ақшалары қайта есептелуге жатпайды, яғни, әрқайсысы 750 сомнан ала беретін болады.

2-мысал. Асыраушы қайтыс болған кезде оның қарауында 10 жасар ұлы болған. Әйелі жұмыс істеген. Асыраушы 12000 сом жалақы алып отырған болса, оның жалақысының ұлына тиесілі бөлігі 6000 сомды құрайды ($12000 : 2$). Асыраушы қайтыс болғаннан кейін оның жесірі үш айдан кейін қыз туып, жұмыстан шығып кетті. Бұл жағдайда келтірілген зиянның орнына өтем алуға құқылы отбасындағы әр мүшеге бөлінетін асыраушы жалақысының тиісті бөлігі қайта есептелуге жатады. Біздің жағдайда ол 3000 сом ($1200 : 4$) болады, үшеуіне айына 9000 сомнан ақша төленеді.

3-мысал. Асыраушы қайтыс болған кезде оның қарауында 4 жасар қызы және оған күтім жасаған әйелі болды. Асыраушының 8247 сом жалақысынан отбасының әр мүшесіне жалақының тиісті бөлігі 2249. Қызы 8 жасқа толған кезде, жесір әйелі жұмысқа шықты да, оған келтірілген зиян орнына өтем төлеу

тоқтатылды. Бұл жағдайда асыраушы жалақысының қызына тиісті бөлігі қайта есептелуге тиіс: ол 4123 сом 50 тиынды құрайды (8247 : 2).

4-мысал. Қайтыс болған асыраушының жұмысқа жарамды жұмыс істейтін әйелі екі баласына келтірілген зиянның орнына өтем алу жөнінде өтініш жасаған. Отбасының екі мүшесіне келтірілген зиянның орнын өтеу ретінде төленген ақша қайтыс болған азаматтың алып отырған жалақысының 2/3 бөлігін құрады. Бір жылдан кейін бірінші некеден қалған 14 жасар ұлдың анасы да тура осындай өтініш берген. Келтірілген зиянның орнын өтеу сомасы қайта қаралады да, қайтыс болған азаматтың жалақысының 3/4 бөлігін құрайды (әр алушыға 1/4 б ө л і г і н д е) .

Асыраушысынан айрылуына байланысты келтірілген зиянның орнына өтем алуға құқылы азаматтардың зейнетақылары, жалақылары, стипендиялары және басқа кірістері келтірілген зиянның орнын өтеу есебінен есептелмейді.

V. Аралас жауапкершілік кезінде келтірілген зиянның орнын өтеу

17. Зардап шегушінің өрескел сақтанбаушылығы зиянды іс-әрекеттің пайда болуына немесе ұлғаюына әкеп соғатын болса, зардап шегуші кінәсінің дәрежесіне байланысты зиянның орнын өтеу мөлшері, тиісінше кемиді.

Зардап шегушінің қаншалықты кінәлі екендігін белгілеу кезінде осы мәселе жөнінде өкілетті орган (еңбекті қорғау органдары) өкілінің қорытындысы е с к е р і л е д і .

Келтірілген зиянның орнын өтеудің қосымша түрлеріне аралас жауапкершілік қолданылмайды. (Ереженің 13, 14-тармақтары).

1-мысал. Жұмысшы айына 9870 сом алып отырған, МӘСК шешіміне сәйкес ол кәсіптік жұмысқа жарамдылығының 80 процентін жоғалтып алған, зардап шегушінің кінәсі 25 процент мөлшерінде белгіленген, зейнетақы 3426 сом мөлшерінде тағайындалған. Келтірілген зиян былайша есептеледі: 9870 сомның 80 проценті = 7896 сом. (денсаулығына зақым келуіне байланысты шартты түрде жоғалған жалақы мөлшері);

7896 сомның 75 проценті = 5922 сом. (кәсіпорынның кінәсі себебінен шартты түрде жоғалған жалақы мөлшері);

7896 сомның 25 проценті = 1974 сом. (зардап шегушінің есебіне жатқылызылатын шартты түрде алынатын жоғалған жалақының бөлігі).

Келтірілген зиянның орнын өтеуге тиіс мөлшер - айына 5922 сом.

Асыраушы қайтыс болып, аралас жауапкершілік жүктелген кезде келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшерін белгілеуде де осы принцип қолданылады: келтірілген зиянның орнына өтем алуға құқылы отбасының әр мүшесінің үлесі зардап шегушінің кінәсіне сәйкес процентке азаяды.

2-мысал. Қайтыс болған адамның жалақысы 3200 сом болған. Оның кінәсі -

20 процент мөлшерінде, ал кәсіпорындікі - 80 процент деп белгіленген. Отбасы құрамында 12 жасар ұлы, жұмысқа жарамды әйелі, сондай-ақ қайтыс болған адамның қарауында болмаған, бөлек тұратын, бірақ одан көмек алуға құқылы қ а р т а н а с ы б а р .

Анасына келтірілген зиянның орнын өтеу үшін төленетін сома 600 сом мөлшерінде белгіленген, ол зардап шегушінің кінәсіне сәйкес 20 процентке төмендейді. Сонымен, $600 \text{ сомның } 20 \text{ проценті} = 120 \text{ сом};$

Баласының үлесі - $1360 \text{ сом} (3200 - 480 : 2)$. Ол да сондай-ақ 20 процентке кемиді де 1088 сом болады.

$(1360 \text{ сомның } 20 \text{ проценті} = 272 \text{ сом}; 1360 - 272) = 1088 \text{ сом}.$

Сөйтіп, келтірілген зиянның орнын өтеу үшін ұлына айына 1088 сом төленетін болды.

VI. Келтірілген зиянның орнын өтейтін төлем мен бір жолғы жәрдем ақша мөлшерін есептеу үшін алынатын орташа айлық еңбекақыны белгілеу

18. Келтірілген зиянның орнын өтейтін төлем мен бір жолғы жәрдем ақша мөлшері зардап шегушінің еркі бойынша еңбек зақымын туғызған немесе осы еңбек зақымына байланысты еңбекке жарамдылығын жоғалту алдындағы жұмыстың, қызметтің (мерзімді әскери қызметті қоспағанда) соңғы 12 календарлық айдың орташа айлық жалақысы негізінде есептеледі. Кәсіптік ауруға шалдыққан жағдайда зардап шегушінің еркі бойынша келтірілген зиянның орнын өтейтін төлемді есептеу үшін осы ауруды туғызуға әсер еткен жұмысты тоқтату алдындағы 12 календарлық айдың орташа айлық жалақысы е с е п к е а л ы н у ы м ү м к і н .

Еңбек жарақаты алдындағы (еңбекке жарамдығын жоғалту кезеңі) соңғы екі жыл ішінде қызметкер жалпы алғанда 12 айдан аз жұмыс істесе, сондай-ақ бір жылдан да аз жұмыс істеген барлық жағдайларда келтірілген зиянның орнын өтейтін төлемді есептеу үшін толық істелінген айлардың орташа айлық еңбекақысы есепке алынуы мүмкін. Бұл үшін есепке алынған айлардағы еңбекақының жалпы сомасы айлар санына бөлінеді.

Егер қызметкер толық бір ай жұмыс істемеген жағдайда жұмыс істеген бүкіл уақыты үшін берілген еңбекақы жұмыс істеген күндердің санына бөлінеді де, алынған сома бір айдағы жұмыс күндеріне көбейтіледі, (алты күндік жұмыс аптасы кезінде орта есеппен алғанда 25,4; бес күндік жұмыс аптасы кезінде 21,2). Бұл кезде келтірілген зиянның орнын өтейтін төлем мөлшері екі тарифтік (есептік) ставканың немесе осы қызметкердің екі кесімді жалақысының м ө л ш е р і н е н а с п а у ғ а т и і с .

1-мысал. Еңбеккер 1992 жылдың қазан айында бақытсыз жағдайға ұшырайды . Зиянның орнына өтем алуға зардап шегуші 1993 ж. сәуір айында өтініш

жасайды. Келтірілген зиянның орнын өтейтін төлем зақым алынғанға дейінгі, яғни, 1994 қазан айының алдындағы толық жұмыс істеген айынан есептелінетін б о л а д ы .

2-мысал. Зардап шегуші зақым алған 1987 жылға дейін (басының зақымдануы) шахтада бұрғылаушы болып жұмыс істеген, онда еңбекақысы айына 1500 сом болған, ауырғаннан кейін де жұмысқа жарамдылығынан тұрақты түрде айырылмағандықтан орман шаруашылығындағы жұмысқа ауысқан, онда 230 сом алып отырған, ал бұрын алған жарақты себебінен 1993 жылы жұмысқа жарамдылығы төмендегендіктен, ол келтірілген зиянның орнын өтейтін төлемді белгілету үшін орташа айлық еңбекақысы ретінде жарақат алу алдындағы жалақыны (яғни 1500 сомды) таңдауы мүмкін.

19. Қызметкердің заңда көзделген маңызды себептерге (жұмысқа орналасуына және босануына, науқастануына, жұмыстың тоқтап қалауына, демалуына, оның ішінде үш жасқа дейінгі балаға күтім жасауына байланысты демалыс алуы, сондай-ақ азамат еңбек жарақатының салдарынан мүгедек болған немесе еңбек жарақаты себебінен келтірілген зиянның орнына өтем алған уақыты; 1 топ мүгедегін, жалғызілікті 2 топ мүгедегін және біреудің көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сондай-ақ 80 жасқа толған қарт адамды, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасауға кеткен уақыты және басқа себептерге байланысты жұмыстан босауы) байланысты жұмыс істемеген немесе толық жұмыс күндерін істемеген айларының орташа айлық жалақысын белгілеу кезінде зардап шегушінің қалауы бойынша мұндай күндер есептеуден шығарылады да, тікелей алдындағы айлармен ауыстырылады. Мұндай ауыстыру еңбек жарақатын алу алдындағы немесе жұмысқа жарамдылық жоғалғаннан кейінгі (18 тармақ) екі жыл жұмыс шегінде жүргізіледі.

Қызметкер шын мәнінде жұмыс істемеген немесе маңызды себептерсіз (мәселен, жұмысқа себепсіз шықпай қалу) жұмысқа шықпай қалған айлар есептен алынып тасталмайды, басқа айлармен алмастырылмайды.

20. Еңбек жарақатын алу жағдайы қайталаған кезде, зардап шегушінің қалауы бойынша орташа айлық жалақысы алғашқы немесе қайталап жарақаттану алдындағы тиісті мерзімдер үшін есептеледі. (18 және 19-тарм.).

Егер адам еңбек жарақаттарына жұмыс берушінің бірінде ғана жұмыс істеп жүрген кезде ұшыраса, онда келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшері бірінші және қайталап алынған жарақаттың жиынтығы бойынша МӘСК белгілейтін кәсіптік жұмысқа жарамдылықты жоғалтудың жалпы принципі бойынша е с е п т е л е д і .

Егер еңбек жарақаты әр түрлі жұмыс берушілердің жұмыстарында алынатын болса, онда келтірілген зиянның орнын өтеу сомасының мөлшері МӘСК белгілейтін кәсіптік еңбек жарамдылығын жоғалту принципіне сүйене отырып,

әр жарақат үшін жеке-жеке есептеледі.

21. Келтірілген зиянның орнына өтем алуға өтініш жасалған кезде зардап шегушінің еңбек жарақатын алғанға дейінгі нақты жалақысы жөніндегі құжаттар сақталмаған жағдайда, төлем сол адамның атқарып келген жұмысының тарифтік ставкасынан (кесімді жалақы) белгіленеді. Зардап шегушінің нақты жалақысы жөніндегі құжаттарды алу мүмкін еместігін ұйымның немесе архивтің анықтамасы растайды.

22. Келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшерін, бір жолғы өтемақыны есептеу үшін ескерілетін жалақыда сақтық жарна есептелінетін еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері ескеріледі (колхоз мүшелерінің жалақысы ескерілмейді), бірақ еңбекке ақы төлеуде қолданылып жүрген заңда көзделмеген бір жолғы төленетін төлемдер (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы, демалысқа берілетін жәрдемақы т.б.) есепке алынбайды, олардың тізбесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 26.09.91 ж. N 556 және 26.03.92 ж. N 282 қаулыларымен белгіленген.

Колхоз мүшелеріне келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшерін есептеу кезінде колхоздың қоғамдық жұмысының барлық түрлеріне төлеген жалақылары жинақталады.

23. Өндірістік оқудан (тәжірибеден) өту кезеңінде еңбек жарақатын алған адамдарға келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшері зардап шегушінің оқып жүрген мамандығы үшін белгіленген ставкадан (кесімді жалақы) (2-ші разрядтан төмен емес) немесе қалауы бойынша осы өндірістік оқу (тәжірибе) алдындағы оқудың немесе жұмыс мерзімінің нақты жалақысынан есептеледі.

24. Шет елде жұмыс істеген азаматтардың орташа айлық жалақысы жалпы негізде, шет елде істеген жұмысына төленген ақшасы ескерілмей есептеледі. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен ұйымдарына немесе халықаралық ұйымдарға жіберілген азаматтарға келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшері олардың қалауы бойынша келтірілген зиян белгіленген уақытта Қазақстан Республикасында сәйкес мамандықпен жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметшілер үшін белгіленген орташа айлық жалақысынан есептелуі мүмкін.

VII. Еңбек жарақатын алуына байланысты зардап шегушіге қосымша шығындарды өтеудің тәртібі мен шарттары

25. Жоғалтып алған жалақысын өтеумен қатар жұмыс беруші зардап шегушіге еңбек жарақатын алуына байланысты жұмсалатын қосымша шығындарды (қосымша тамақ, дәрі-дәрмек алу, протез жасату, зардап шегушіге күтім жасау, санаторий-курортта емделу - бұл жағдайда зардап шегушінің емделу орнына барып қайтқаны өтеледі, ал қажет жағдайларда оны алып жүруші

адамдардың да жолы өтеледі; арнайы автокөлік алу, көлікті күрделі жөндеуден өткізу, жанар май алу т.б.) өтейді шартты нәрсе - МӘСК-нің оны көмектің осы түрлеріне мұқтаж деп негіздеуі және зардап шегушінің жоғарыда аталған көмекті сәйкес ұйымдардан тегін алмауы.

Жұмыс беруші қолмен басқарылатын арнайы көлікті алу және оны күрделі жөндеуден өткізу шығындарын сол заттардың құны мөлшерінде төлейді.

Зардап шегушіні арнайы көлікпен тасымалдау облыстық, Алматы, Ленинск қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының есебіне ақша аударғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл міндеттерді орындаудан бас тартқан жағдайда жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалған қаражат жұмыс берушіден сот тәртібімен өндіріліп алынады. Зардап шегушінің басқа да мәселелері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 қаулысына сай мүгедектерді арнайы тасымалдау көлігімен қамтамасыз ету туралы Ережеге сәйкес арнайы тасымалдау құралдары арқылы реттеледі.

1 топтағы мүгедектерге (арнайы дәрігерлік күтімге мұқтаж жағдай басқа) күтімнің қажеттілігі туралы МӘСК-ның қорытынды талап етілмейді.

Зардап шегуші көмектің бірнеше түріне бірден мұқтаж болған жағдайда, көмектің әр түрін жеке алуына байланысты шыққан өтемнің орны толтырылады.

Зардап шегушіні арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету ісі облыстық, Алматы, Ленинск қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының есебіне қаржы аударғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл міндетті орындаудан бас тартқан жағдайда жоғарыда көрсетілген мақсаттарға арналған қаржы жұмыс берушіден сот тәртібімен өндіріп алынады. Зардап шегушіні арнайы автокөлікпен қамтамасыз етудің бұдан басқа мәселелері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 қаулысымен бекітілген мүгедектерді арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету туралы Ережеге сәйкес р е т т е л і п о т ы р а д ы .

1 топтағы мүгедектерге (арнайы дәрігерлік күтімді қажетсінбейтіндерден басқа) күтімнің қажеттілігі туралы МӘСК-ның қорытындысы талап етілмейді.

Зардап шегуші бірден көмектің бірнеше түріне мұқтаж болған жағдайда, көмектің әр түрін жеке алуына байланысты шыққан шығынның орны өтеледі.

26. Қосымша шығындардың мөлшері тиісті ұйымдардың есеп шоты және басқа да құжаттар негізінде немесе зардап шегушіге ауыртпалық келтіріп отырған сол жерде қалыптасқан баға негізінде белгіленеді.

Жанар-жағар майға бағаның өсуіне байланысты зардап шегушінің иелігіндегі арнаулы жеңіл автокөлікке немесе мотоциклге жұмсалған шығынның орнын төлеу ісі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен (Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қазандағы "

Жанар-жағар майға ақшалай өтем төлеу туралы" N 891 қаулысын қараңыз) жұмыс беруші тарапынан жүзеге асырылады.

27. Зардап шегушіні күту үшін шыққан қосымша шығындарды кімнің жүзеге асыратынына қарамастан, оның орны өтелуі тиіс. Бұл шығындар дәрігерлік күтімге мұқтаж мүгедектерге еңбекақының ең төменгі мөлшерінде кемінде бір рет, ал тұрмыстық күтімге мұқтаж адамдарға, кемінде ең төменгі еңбекақының 50 проценті мөлшерінде күтім талабының сипатына қарай анықталады.

Арнайы дәрігерлік те, тұрмыстық та күтімге мұқтаж зардап шегушіге арнайы дәрігерлік күтімнің сыртында тұрмыстық күтім үшін шыққан шығындардың да о р н ы ө т е у л і т и і с .

Күтім үшін зейнетақыға қосылған қосымша үстемақы зардап шегушінің күтіміне байланысты шыққан шығын үшін жәрдемақы алу хұқынан айырмайды.

28. Осы Ережеге сәйкес белгіленген зиянның орнын өтейтін ақша сомасы, қосымша шығындар үшін тиісті өтемақы екі жақтың келісімі бойынша немесе ұжымдық шарт негізінде көбейтілуі мүмкін.

29. Зардап шегушінің санаторий-курортта емделуге мұқтаждығы туралы МӘСК-ның қорытындысы болған жағдайда, оған жыл сайын берілетін еңбек демалысынан тыс емделуі үшін қосымша демалыс беріледі. Емделуі үшін берілген демалыс кезінде еңбекақы төлеу жыл сайынғы еңбек демалысына төлеу жөнінде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Емделу үшін еңбек демалысы кезіндегі зиянның орнын өтеу жалпыға бірдей жүргізіледі. Зардап шегуші мен оны алып жүруші адамның жол шығындары төлемінің мөлшері, қызмет бабындағы іссапар туралы Заңға сәйкес анықталады.

30. Төленбеген еңбекақының орнын өтеу, келтірілген зиянның қосымша түрлерінің орнын өтеуден тысқары, кәсіпорын зардап шегушіге және келтірілген зиян үшін асыраушының қайтыс болуымен байланысты өтем алуға құқылы адамдарға біржолғы жәрдемақы төлейді. (Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы). Біржолғы жәрдемақының мөлшері ұжымдық шарттың негізінде анықталады, бірақ мынадан кем болмауы тиіс:

- Жұмыстар өндірісте бақытсыздық оқиғасына тап болуы немесе кәсіптік ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болса жұмыскердің он есе жылдық ең б е к а қ ы с ы н а н ;

- еңбекте зақымдану немесе кәсіптік ауру салдарынан болған бірінші немесе екінші топтағы мүгедек ретінде танылған жұмыскердің бес есе жылдық ең б е к а қ ы с ы н а н ;

- еңбекте зақымдану немесе кәсіптік ауру салдарынан болған үшінші топтағы мүгедек ретінде танылған жұмыскердің екі есе жылдық еңбекақысынан;

- Жұмыскерге мүгедектік белгіленбей, тұрақты еңбекке жарамдылығын жоғалтқаны анықталған жағдайда жылдық еңбекақы көлемінен кем болмауы тиіс

Мысалы; Еңбекте зақымдану салдарынан 1 топтағы мүгедек ретінде танылған Ивановтың 12 айға есептеп шаққандағы орташа еңбекақысы 14000 сом. Жылдық орташа табыстың кем дегенде бес есе мөлшеріндегі төленетін сомасы (14000 сом х 12 ай х 5 жыл) яғни, 840000 сом.

Еңбекте зақымданған жағдайда төленетін біржолғы жәрдемақы "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енген күннен бастап төленеді.

VIII. Жұмыс берушінің зиянның орнын өтеу туралы өтінішті қарау тәртібі

31. Зиянның орнын өтеу туралы өтініш жұмыс берушіге (кәсіпорын әкімшілігіне) беріледі, ол еңбек жарақатының салдарынан шеккен зиян үшін жауап береді.

Кәсіпорын қайта құрылғанда немесе жойылғанда өтініш оның орнындағыларға немесе оның жоғарғы ұйымына беріледі.

32. Еңбек жарақатын шетелдерде жұмыс істеп жүргенде алған қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері келтірілген зиян үшін өтем алу туралы өтінішті қызметкерді шетелге жұмысқа жіберген министрлік, ведомство, ұйым, кәсіпорынға береді, ал шетелде жұмысқа қабылданғандар - зиян келтіруші жеке кәсіпорынға береді.

33. Келтірілген зиян үшін өтем алу туралы өтінішке қосымша МӘСК-ның кәсіптік еңбек қабілетінен айрылу дәрежесі туралы, тиісті жағдайларда зиян шегушінің қосымша көмек түрлерін қажет ететіндігі туралы қорытындысы қоса беріледі.

Зиянның орнын өтеу төлемдерін ұзарту үшін де сол құжаттар өткізіледі.

34. Асыраушысынан айрылуына байланысты келтірілген зиян үшін өтем алуға құқы бар азаматтарды келтірілген зиян үшін өтем туралы өтінішіне қоса мына құжаттар берілуге тиіс:

а) азаматтық жағдайын тіркейтін органдардың (ЗАГС) асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлігінің көшірмесі;

б) тұрғын үй - пайдалану ұйымның, немесе халық депутаттары ауылдық (поселкелік) Кеңесінің қайтыс болған адамның отбасының құрамы туралы, (немесе басқа құжаттар), соның ішінде оның қарауындағылардың саны туралы анықтамасы немесе соттың тиісті шешімінің көшірмесі;

в) келтірілген зиян үшін өтем алуға құқы бар 18 жастан 23 жасқа дейінгі адамның күндізгі оқу орнында оқитындығы туралы оқу орындарының анықтамасы;

г) тұрғын үй-пайдалану ұйымның, немесе халық депутаттары ауылдық (поселкелік) Кеңесінің ата-ана, күйеуі немесе қайтыс болған адамның отбасының

басқа мүшесі қайтыс болған адамның 8 жасқа толмаған балаларына, іні-қарындастарына немесе немересіне күтім жасайды, жұмыс істемейді деген анықтамасы.

Келтірілген зиян үшін төленетін өтемдерді ұзарту үшін оны одан әрі алуға құқы бар екенін растайтын құжаттар (оқуы туралы анықтама, МӘСК-ның мүгедектік туралы қорытындысы т.б.) өткізіледі.

Тұрғын үй-пайдалану ұйымының немесе халық депутаттары ауылдық (поселкелік) Кеңесінің асыраушының отбасы құрамы туралы, соның ішінде қайтыс болған адамның қарауындағылар туралы анықтамасында (немесе басқа құжаттарда) отбасы мүшелерінің әрқайсысының фамилиясы, аты-жөні, туған жылы мен айы көрсетілуге тиіс.

Қалалық жерлердегі жекеменшік үйде тұратын, келтірілген зиянның орнын өткізуге құқы бар адамдарға қатысты анықтаманы көше (квартал) комитетінің төрағасы куәландырады.

Тиісті құжаттары болмаған және оларды анықтау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ мүдделі азамат анықтамамен келіспеген жағдайда олардың сол адамның қарауында болған фактісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңы белгілейтін сот тәртібінде анықталады.

Жұмыс беруші өтініш берушінің келтірілген зиян үшін өтем алу туралы талап қоюы үшін қажетті құжаттарын алуына және тиісті жағдайларда оларды басқа ұйымдардан талап етіп алуына көмектесуге міндетті.

Зардап шегушінің немесе басқа мүдделі азаматтардың өтініші бойынша кәсіпорынның кәсіподақ комитеті немесе өкілетті орган зардап шегуші адам жағынан жұмыс берушілермен келісім сөз жүргізуге қатысу үшін өз өкілін жібереді.

35. Жұмыс беруші келтірілген зиянның орнын өтеу туралы өтінішті қарап, қажетті бүкіл құжаттары немесе қосымша құжаттары келіп түскесін он күннен кешіктірмей тиісінше шешім қабылдауы керек.

Келтірілген зиянның орнын өтеу туралы кәсіпорынның шешімі оның басшысының бұйрығымен (үкімімен) рәсімделеді. Бұйрық (үкім) дәлелді болуға тиіс, онда келтірілген зиянның орнын өткізетін адам, отбасының әрбір мүшесіне оның төленетін мөлшері және төлеу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Жұмыс берушінің келтірілген зиянның орнын өтеу туралы бұйрығының (үкімінің) көшірмесі немесе дәлелді жазбаша түрдегі бас тартуы мүдделі адамға қажетті бүкіл құжаттармен қоса өтініш берген күннен бастап он күн ішінде тапсырылады.

Мүдделі азамат жұмыс берушінің шешімімен келіспеген жағдайда немесе жауабын белгіленген мерзімде ала алмаған жағдайда таласты сот қарайды. Кәсіпорынның кәсіподақ комитеті немесе қызметкерлердің өкілетті органының

өкілі мүдделі азаматтардың келісімімен сотқа өтініш жасауына және процеске қ а т ы с у ы н а қ ұ қ ы б а р .

Келтірілген зиян үшін өтем алу туралы өтініш жасаушының ұйғарымымен немесе жұмыс берушінің тұрған жері бойынша не өзінің тұрған жері бойынша, не зиян келтірілген орын бойынша сотқа беріледі.

Қызметкер еңбек міндетін орындау барысында келтірілген жарақат салдарынан немесе асыраушының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиян үшін өтем алу туралы талапқа уақытында шағымданбаса кейін оның күші болмайды.

ІХ. Зиянның орнын өтеу сомасын төлеудің тәртібі мен мерзімдері

36. Келтірілген зиянға жауапты жұмыс беруші зардап шегушіге келтірілген з и я н с о м а с ы н т ө л е й д і .

Шетелде жұмыс істеп жүрген кезінде еңбек жарақатын алған жұмысшылар мен қызметшілерге зиянның орнын оларды шетелге жұмысқа жіберген кәсіпорын, министрлік және ведомстволар өтейді.

37. Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында денсаулығына зиян келтіріп кейін басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға көшіп кеткен азаматтарға келтірілген зиянның орны Ережеде белгіленген шарттар негізінде осы кәсіпорындардың қаржысы есебінен өтеледі.

38. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар жойылып кеткенде (біріккенде, қосылғанда, бөлінгенде, жеке бөлініп кеткенде, қайта құрылғанда) ол соманы о н ы ң о р ы н ы н ғ ы л а р т ө л е й д і .

Егер жойылып кеткен кәсіпорынның құқы мен міндеті оның орнындағыларға берілмесе, онда оны капиталға айналдырып, зиянның орнын өтеу үшін төленетін сома мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру органдарына берілуге тиіс. Жойылғандығы туралы есеп алдағы уақытта зиянның орнын өтеуге қажетті соманы капиталдандырып, оны мемлекеттік сақтандыру органдарына аударғаннан кейін бекітіледі. Осыдан кейін барып тиісті ұйым зардап шегушіге келтірілген зиянды өтеу сомасын заң белгіленген тәртіпте төлейді.

Егер кәсіпорын жойылған кезде келтірілген зиян орнын өтейтін төлемдер капиталдандырылмаса, келтірілген зиян үшін өтем алу туралы шағым мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру органына беріледі.

39. Зиянның орнын өтеу сомалары мыналарға төленеді:

а) зардап шеккен жұмысшылар мен қызметшілерге - олар еңбек жарақатының салдарынан кәсіптік еңбек қабілетінен толығынан немесе жарым-жартылай ай р ы л ғ а н к ү н н е н б а с т а п ;

б) асыраушысынан айрылуына байланысты зиянның орнын өтеткізуге құқы бар адамдарға асыраушысы қайтыс болған күннен бастап, бірақ келтірілген

зиянның орнын өтейтін соманы алуға құқы болған күннен ерте болмауға тиіс.

Келтірілген зиян үшін өтем алуға өтініш берген күн деп өтініш өткізген күн с а н а л а д ы .

Келтірілген зиян үшін өтем алу туралы өтінішті еңбек жарақатына байланысты бұрынғы алып жүрген жалақысынан айрылғаннан кейін немесе асыраушысы қайтыс болғаннан кейін үш жыл өткесін берген кезде зиянның орнын өтеу сомасы өтініш жасаған күннен бастап төленеді.

Келтірілген зиян үшін төленетін төлемдер зардап шегушінің және басқа мүдделі адамдардың жұмыс берушіге өтініш жасаған күніне қарамастан алдыңғы төленген төлемдер біткен күннен бастап ұзартылады. Бұл орайда өткен уақыт үшін келтірілген зиянның орнын өтеу үшін төленетін сома егер МӘСК осы уақыт үшін еңбекке қабілеттілігінен айрылған мерзім бойынша, сонымен бірге осы Түсініктеменің 31, 32 пункттеріндегі көрсетілген құжаттарды өткізгенде төленеді .

40. Келтірілген зиян зардап шегушінің МӘСК-тің еңбекке қабілеттілігінен айрылғанын анықтаған мерзімінен бастап жоғалтқан жалақысының бөлігі бойынша, ал қосымша шығындары оған мұқтаж болған уақыты бойынша ө т е л е д і .

Асыраушысынан айрылуына байланысты келтірілген зиян үшін төлем алуға құқы бар мына адамдарға өтем төленеді:

жасы кәмелетке толмағандарға - 18 жасқа толғанға шейін (кәсіптік-техникалық училищенің орта арнайы оқу орындарының оқушыларына - оларды бітіргенге шейін, бірақ олар 23 жасқа толғаннан аспауға тиіс);

60 жастан асқан еркектерге және 55 жастан асқан әйелдерге - өмір бойына; мүгедектерге - еңбекке жарамсыз болған уақытына;

қайтыс болған асыраушысының балаларына, аға-іні, қарындастарына, немерелеріне күтім жасайтын, жұмыс істемейтін ата-анаға, күйеуіне немесе отбасының басқа мүшесіне - бала 8 жасқа толғанға шейін.

41. Зардап шегушіге зиянның орнын өтеу төлемі алатын жалақысына (табысына), зейнетақысына, стипендиясына және басқа да әлеуметтік төлемдерге қарамастан толық мөлшерде төленеді.

42. Асыраушысынан айрылуына байланысты келтірілген зиян үшін өтем алатын адамдарға берілетін өтемақы да олардың еңбекақысына немесе басқа табысына (алимент, материалдық көмектің барлық түрлері, стипендия және т.б.) қарамастан толық мөлшерде төленеді.

43. Келтірілген зиян үшін өтем төлеу белгіленген сомадан аз мөлшерде төленген, немесе мүлдем төленбеген, сондай-ақ оның мөлшері қайта қарауға жатқызылатын (еңбекке жарамдылығынан айрылу дәрежесінің өзгеруі, еңбекке жарамсыз адамдардың саны және т.б.) жағдайлардың бәрінде өтем алушы адам

болған өзгерістер туралы жұмыс берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

44. Зардап шегушінің еңбекке жарамдылығынан айрылу дәрежесі өзгерген, сондай-ақ қайтыс болған адамның отбасы мүшелерінің құрамы өзгерген жағдайда зиянның орнын өтеу үшін төленетін төлем сомасы қайта есептеледі.

45. Осы ереженің шарттары бойынша зиянның орнын өтеу үшін тағайындалған соманың мөлшері тұрмыс құны индексінің және кәсіпорындардағы жалақының өсуіне сәйкес тоқсан сайын қайта қаралуға тиіс.

Тұрмыс құнының өсуіне байланысты зиянның орнын өтеу сомасы қолданылып жүрген заң белгіленген тәртіпте өсіріледі, ал кәсіпорында жалақы өскен жағдайда зиян орнын өтеу төлемі осы төлем мөлшері қызметкердің сол немесе сол сияқты жұмыс орнында тиісті мамандығы бойынша зиянның орнын өтеу төлемін қайта есептеу алдындағы соңғы тоқсан үшін төленген еңбекақысымен салыстырыла отырып белгіленген орташа еңбекақысын қайта есептеу жолымен есептеледі.

Мәселен, зардап шегуші еңбек жарақатының салдарынан кәсіптік еңбекке жарамдылығының 75 процентін жоғалтып алды делік, демек оған 1993 ж., 20 наурыздан бастап бұрғылаушының 9000 сом орташа айлық табысынан зиян орнын өтеуге айына 6750 сом мөлшерінде төленеді.

Ақыр соңында, тоқсанда еңбекақының өсуіне орай орташа айлық табыс бұрғылаушының осы сияқты нақты табысынан (зардап шегушінің жұмыс істеген бұрынғы жері) 1993 жылдың сәуір, мамыр, маусым айлары үшін тағы да қайта есептеледі. Осыған орай 1993 ж. 1 шілдесінен бергі шығын айына (30000 : 3 x 75 процент) = 7500 сомды құрайды.

Еңбекақының одан әрі өсуіне қарай зиян орнын өтеу төлемінің мөлшерін тағы да қайта қарау жоғарыда көрсетілген тәртіппен тоқсан сайын жүргізіледі.

46. Шығын орнын өтеудің тағайындалған мөлшерін қайта есептеу мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

келтірілген зиянның орнын өтеу мөлшерін көбейту құқы пайда болумен байланысты келтірілген зиянды қайта есептеу туралы зардап шегуші өтініш білдіріп, олар тарапынан тиісті өтініш қажетті құжаттармен қоса айдың 15-інен кейін берілсе, онда айдың алғашқы күнінен;

келтірілген зиянның орнын өтеуді азайтатындай жағдай болатын болса, айдың 15-іне дейінгі уақытта қоса алғанда осы жағдай болған айдың бірі күнінен бастап, ал айдың 15-інен кейін болса, онда келесі айдың бірінен.

Келтірілген зиянды қайта есептеу туралы жұмыс беруші бұйрық (өкім) шығарады да, көшірмесін мүдделі адамға тапсырады немесе жібереді.

47. Келтірілген зиянның сомасын төлеу ісі ай сайын айдың екінші жартысының еңбекақысын берген күні жүзеге асырылады.

Келтірілген зиянның орнын өтеуге төленетін сомаларды жеткізіп беру және

жіберу жұмыс берушінің есебінен жүзеге асырылады. Алушылардың тілегі бойынша бұл сомалар жинақ кассасындағы олардың есебіне аударылуы мүмкін.

48. Зардап шегуші адам стационарлық емдеу мекемелеріне келген кезінде (аурухана, клиника, госпиталь, емдеу-еңбек профилакториясы) келтірілген зиянды өтеу жалпыға бірдей негізде төленеді.

49. Зиян келтірілді деп танылған адам қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйге орналастырылған жағдайда, келтірілген зиянды өтеу толық мөлшерде төленеді.

Толық мемлекеттік қамсыздандырудағы кәсіптік-техникалық училищелердің зардап шеккен оқушыларына келтірілген зиянның орнын өтеу де осы тәртіппен төленеді.

50. Бас бостандығынан айыруға байланысты жазаны өтеу кезінде, сол сияқты қылмыскер ретінде шара қолдану үшін қамауға алынған жағдайда белгіленген келтірілген зиянның орнын өтеу төлемі тоқтатылады.

Бас бостандығынан айыру орнынан (алдын ала қамаудан) босағаннан кейін бұл сомаларды төлеу, оларды алу үшін хабарлаған күннен бастап, қайта жалғастырылады.

51. Келтірілген зиянның орнын өтеуге төленетін сомаларға салық салынбайды.

52. Келтірілген залалдың орнын өтеу үшін тағайындалған, алайда зардап шегуші немесе келтірілген зиян үшін өтем алуға құқылы адам тарапынан өз кезінде алынбаған сомалар, өткен барлық уақыттарға, бірақ оны алу жөнінде хабарласу алдындағы үш жылдан аспайтын мерзімге төленеді.

Келтірілген зиянға жауап беретін жұмыс берушінің кінәсінен дер кезінде алынбаған төлемдер өткен уақыт үшін мерзімі шектелместен төленеді.

53. Келтірілген зиянның орнын өтеу үшін тағайындалған төлемді, бірақ зардап шегуші немесе оның отбасы мүшелері өз кезінде ала алмаса, келтірілген залал үшін өтем алуға асыраушының қайтыс болуына байланысты құқы бар, сол сияқты қайтыс болуына байланысты алынбаса, онда жалпыға бірдей негізде мұрагерлеріне төленеді. Қайтыс болған адамның жерлеуді атқарушы отбасыларына бұл сомалар мұрагерлікті қабылдағанға дейін төленеді.

54. Зардап шегуші тарапынан немесе келтірілген залал үшін төлем алуға асыраушысының қайтыс болуына байланысты құқылы адамдар тарапынан, келтірілген залал есебінен алынған сомалар, жұмыс беруші тарапынан тек мынадай жағдайларда ғана қайта өндіріліп алынуы мүмкін: егер оларды төлеу жөніндегі шешім мүдделі азаматтар тарапынан жалған жасалған құжаттарды тапсыруға негізделген болса немесе олар біле тұра өтірік мәліметтерді хабарлау арқылы істесе, есептік қателерге байланысты немесе мәліметтерді жасырған жағдайда, осы түсініктеменің 41-тармағында қаралған міндеттерді

орындамаудың салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға нұқсан келтірілсе .

Келтірілген зиянның өтеуі үшін дұрыс алынбаған сомаларды кері өндіріп алу, еңбекке ақы төлеу барысында сомалардан ұстап қалу жайындағы заңмен белгіленген кепілдікті сақтай отырып, жұмыс беруші тарапынан жүзеге асырылады .

Зиян үшін өтем тоқтатылған жағдайда қарыздың қалғаны сот тәртібімен өндіріліп алынады .

55. Жұмыс беруші келтірілген зиянның өтеуін тағайындау туралы жұмыс беруші бұйрығының көшірмесін (халық сотының шешімі), келтірілген зиянның өтеуін тағайындау туралы зардап шегуші мен басқа да мүдделі адамдардың өтінішін барлық қажетті құжаттармен қоса әрбір адамға арнап жеке іс-қағазында сақтайды. Жұмыс беруші бұл құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Келтірілген зиянның орнын өтеуге арналған сомалар, оларды тағайындау туралы зардап шегушінің жеке ісі жұмыс берушінің бухгалтериясында сақталады .

Келтірілген зиянның орнын өтеу үшін берілетін төлем тоқтатылғасын екі жыл өткеннен кейін аталған іс жұмыс берушінің архивінде сақталуға жіберіледі.

Х. Келтірілген зиянның орнын өтеуге арналған бұрын тағайындалған сомаларды жаңа ереже жағдайында қайта есептеу туралы

56. Келтірілген зиянның орнын өтеу үшін бұрын тағайындалған сомаларды жаңа ереже күшіне енгізілген күннен бастап қайта есептеу азаматтардың жеке ісіндегі құжаттар, сол сияқты зардап шегуші немесе асыраушының қайтыс болуымен байланысты келтірілген зиян үшін өтем алуға құқы бар адамдар тарапынан тапсырылған қосымша құжаттар негізінде жүргізіледі.

Егер зардап шегуші ақырында жаңа Ереженің енуімен байланысты келтірілген зиянның өтеу сомасын одан әрі көбейтуге құқық беретін қосымша құжаттар тапсырса, онда келтірілген зиян үшін төлеу көрсетілген Ереженің нормасы бойынша қайта қаралады.